

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Ұлытау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 15 наурыздағы № 14/02 қаулысы. Ұлытау облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 15 наурызда № 11-20 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңының 27-бабы 1-тармағының 1-13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңының 6-бабы 2-тармағының 7-3) тармақшасына сәйкес, Ұлытау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы мөлшері осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі, 1 тармағы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Әкім

Б. Әбдіғалиұлы

Ұлытау облысы әкімдігінің
2023 жылғы 15 наурыздағы
№ 14/02
қаулысына 1 қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

Елді мекен	Тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі білім беретін ұйымдардың түрлері			
		Айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)			
		10,5 сағаттық режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар	9 сағаттық режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар	Жарты күн болатын топтары, жалпы білім беретін мектептің жанындағы мектепалды даярлық сыныптары	Түзету үлгісіндегі 10,5 сағаттық топтары
Ауыл	1 152	50 933	46 891	22 310	91 748
Қала	6 702	46 159	42 674	20 202	81 864
Радиация аймағындағы өңірлер үшін					

Ауыл	1 152	52 681	48 445	23 045	95 389
Қала	6 702	47 937	44 228	20 937	85 505

Ұлытау облысы әкімдігінің
2023 жылғы 15 наурыздағы
№ 14/02
қаулысына 2 қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Ұлытау облысы әкімдігінің 28.09.2023 № 54/01 (оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының түрі	Тәрбиеленушілер саны	Айына бір балаға (1-3 жас) тамақтану үшін ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)	Айына бір балаға (3-5 жас) тамақтану үшін ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)
Жезқазған қаласы				
1	Балабақша (мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар)	2895	17000	19000
2	Балабақша (жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар)	264	17000	19000
Сәтбаев қаласы				
1	Балабақша (мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар)	2845	17000	19000
2	Балабақша (жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар)	0	0	0
Қаражал қаласы				
1	Балабақша (мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар)	698	11000	12000
2	Балабақша (жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар)	0	0	0
Жаңаарқа ауданы				
1	Балабақша (мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар)	560	15000	17000

2	Балабақша жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар)	(275	15000	17000
Ұлытау ауданы				
1	Балабақша мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар)	(317	12000	13000
2	Балабақша жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар)	(18	12000	13000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ